

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 және "Инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 398 қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 543 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

1) "Инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысының;

2) "Инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 398 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов